

«Бекітемін»
Мектеп директоры
Г.С.Алиева




«Келісемін»
директордың
оқу ісінің орынбасары
Г.Б.Қуанышова
«28» 08 2026ж.

ӘБ отырыста
қаралды:
Бірлестік жетекшісі
Бекрва Қ.Ж.
«18» 08 2026ж.

Математика әлемі. /таңдау курсының бағдарламасы/

Сыныбы: 3 «Б»

Бастауыш сынып мұғалімі Жакыбаева Г.Н.



Рецензенты:

Мұқатаев О.О. педагог мастер, Қазақстан Республикасы «Өркениет» ғылыми-әдістемелік орталығының аға ғылыми қызметкері;

Қызықты математика әлемі/құрастырған.: Телгозиева Г. Б., Досбайева Ж.П., Сатышева Э.Н., Лесова З.Ж.— Шымкент қаласы: бастауыш сынып мұғалімдері, 2020. — 41б.

ISBN 978-631-8771-23-6

Математиканың тарихы мен логикалық есептерді шешуді үйрете отырып, бағыт таңдауға саналы түрде дайындау, оқушының логикалық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған.

УДК 373

ББК 74.224.7

«Өркениет» ғылыми-әдістемелік орталығының 2021 жылғы «04» ақпандағы №2 хаттамасына сәйкес сараптау комиссиясының шешімімен баспаға ұсынылды

ISBN

978-631-8771-23-6

© КР «Өркениет» ГЭО, 2021

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
«ӨРКЕНИЕТ» ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІКТІҢ БАСПАСЫНА ҰСЫНЫЛДЫ**



Рецензенттер:

Рецензенттер: «Өркеніет» ғылыми-әдістемелік орталығының аға ғылыми қызметкері
О.О. Мұқатаев

Құрастырған: Шымкент қаласы, №64 Ж.Аймауытов атындағы мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі **Телгозиева Гулнара Батырхановна**
Шымкент қаласы, №64 Ж.Аймауытов атындағы мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі Досбайева Жанар Полатқызы
Шымкент қаласы, №64 Ж.Аймауытов атындағы мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі Сатышева Эльмира Нурманбайқызы
Шымкент қаласы, №64 Ж.Аймауытов атындағы мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі Лесова Забира Жумабековна

© Қазақстан Республикасы «ӨРКЕНИЕТ» ғылыми-әдістемелік орталығы
2020 жыл

Түсінік хат

Амудың инновациялық жолы жаңаша ойлауды, алдағыны жоспарлауды, жаңа идеялар мен технологияны болашақта қажет етеді. Осының бәрін елімізде өсіп келе жатқан жеткіншектерден күтіледі. Мектеп мұғалімдерінің басты мақсаттарының бірі – оқушылардың өзі дамуы үшін пәнге қызығушылығын туғызу. Осы мақсатқа жетудің бір жолы-математикалық үйірмеге оқушылардың қатысуы. Оқушының бейімдік дайындалу кезеңінде маңызды роль интеграцияланған элективті деп аталатын курстар атқарады, олардың негізінде пәнаралық және оқуға деген дара үйлестірімділік жатады. Тап осы мәселелерді шешу оқушының тағдырындағы ғылыми, техникалық, кәсіпшілік қызығушылығын іске асыруды орындауға жағдай жасайды.

Математикалық пәндер бағытының арасында кең интегративті мүмкіншіліктерге математикалық логика ие болады, өйткені жүйелі түрде ойлау, дәлелді ойлау, болжамдар жасау, жоққа шығарулар өздігінен келмейді – бұл іскерлікті логика ғылымы дамытады. Сондықтан әмбебап қолдануына, қызықтылығына байланысты, сонымен қатар математикалық логика негізінде жоғары абстрактілігіне байланысты элективті курс барлық оқушыларға сөзсіз қызықты және пайдалы.

Бір жағынан бұл курс оқушыларға бағдарлама бойынша математикадан алған білімдерін жалпылауға, тереңдетуге, математикалық объектілердің бірегейлігін, жоғары абстрактілігін көруге мүмкіндік береді (математикалық профильге дайындау), екінші жағынан математиканы техникада, өнерде, практикалық қызметте, тұрмыста қолданудың зор мүмкіндіктерін көрсетеді, дұрыс шешімді табуда, әртүрлі есептерді соның ішінде тұрмыстағы есептерді шешудегі логиканы қолдануға үйретеді (профильдердің техникалық, гуманитарлық және басқа түрлерінің тандауына дайындау).

Математика курсының мазмұны мынандай тарауларға қарасты. Олар: математика тарихы, есептеулер, математикалық жұмбақтар, логикалық есептер. Бағдарлама аптасына 1 сағат, 34 сағатқа арналған.

Мақсаты: Математиканың тарихы мен логикалық есептерді шешуді үйрете отырып, бағыт тандауға саналы түрде дайындау, оқушының логикалық мәдениетін қалыптастыру.

Оқушылардың негізгі қызмет түрлері

Курсқа қатысатын оқушылардың жұмыс түрі күнделікті сабақтағы жұмысты ұйымдастырудан өзгеше болуы керек: оқушыға ойлануға қажетті уақыт бере отырып, болжамдар жасауға үйрету.

Курсты оқу барысында оқушыларды әртүрлі қызмет түрлеріне белсенді қатыстыру арқылы жүзеге асыру керек. Ол үшін:

- Тақырыпты пікірсайыс түрінде, эвристикалық әдіс негізінде жоспарлау;
- Жеке және топталған жұмыс түрін қолдана отырып, өзіндік жұмыстарға арналған тапсырмаларды талқылаумен шығарту;
- Бөлек тапсырмалардың өзіндік орындалу, оқушыларды іздемпаздық және шығармашылық қызметке қосу, қасиеттер мен олардың дәлелдерін ұғындыру, интуицияны дамытуға мүмкіндік беру.

рыда көрсетілген мақсаттарға жету үшін келесі міндеттер қойылады :

- оқушының ойын дамыту;
- кенес бере отырып, бағыттап оқыту;
- ізденушілік, зерттеушілік жұмыстарын ұйымдастыру;
- оқушылардың ғылыми, техникалық, кәсіпшілік қызығушылықтарын қалыптастыруға жағдай жасау, бейім таңдауда өз тағдырын өзі шешуге мүмкіндік беру;
- оқушылардың стандартты логикалық операцияларды жылдам және дұрыс орындау іскерлігін дамыту.
- салмақты ойластырылған шешім қабылдауға, өзінің және өзгенің ойлау әрекеттері туралы дұрыс пікір білдіре білу, қарсы оппоненттердің ой жүгіртулеріндегі қателерді таба білу.

Оқушылардың білім дағдысын бағалаудың түрлері мен әдістері

Оқушылардың білім дағдысын бағалаудың оқыту үшін бағалау түрін қолданамын. Бұл өздерінің оқудың қандай сатысында тұрғанын, қандай бағытта даму керек және қажетті деңгейге қалай жету керек екендігін анықтауға мүмкіндік береді. Оқыту үшін бағалауда оқушылар өздерін-өздері, сыныптастар бір-бірін бағалау арқылы жүргізеді. Мұғалімнің бағалауы мадақтау, ынталандыру оқушылардың көңіл күйін көтеріп, өздерінде сенімділікті тудырады.

Сабақта эвристикалық, өзіндік жұмыс істеу, көрнекілік, тежірибелік, есептеу әдісін қолдану.

Курсты оқу барысында күтілетін нәтижелер

Курсты оқу нәтижесінде оқушылар білуі тиісті:

- Логика, математикалық терминдер ұғымын, тарихын;
- Өлшеуге, қозғалысқа, құюға берілген, әзіл есептерді шығара білуі керек.
- Сөзтізбе, ребустар, әзіл есеп, математикалық ертегілер құрастыра білуі керек;

Істей алуы тиіс:

- мүмкін варианттарды графтар, схемалар және кестелер арқылы таңдау;
- логикалық есептерді шешуде тәсілдерді: берілгендерді салыстыру, схемалар және кестелер арқылы, яғни мүмкін варианттарды таңдау;
- алған білімдерін практикалық есептерді шығаруда пайдалана білу.

Әр сабақ келесідей бөлімдерден тұрады:

- Бағдарлама мазмұны (теориялық мазмұндама);
- Математикалық өлеңдер;
- Практикалық есептер;
- Дидактикалық есептер.

№	Тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі
1	Тәулік	1	09.09
2	Шамалар	1	16.09
3	Уақыт. Уақыттың өлшем бірліктері	1	23.09
4		1	30.09
5	Жиынды біріктіру және бөліктерге бөлу	1	07.10
6	Ақиқат және жалған пікір	1	14.10
7	«Үш – үштен» комбинациялар нұсқасы	1	21.10
8	Мәліметтер жинау	1	04.11
9	Кестелер және диаграммалар	1	11.11
10	Тең топтармен санау. Тең топтарға бөлу	1	18.11
11	Көбейту	1	25.11
12	Бөлу	1	02.12
13	Көбейтудің ауыстырымдылық қасиеті	1	09.12
14	Көбейту мен бөлудің байланысы	1	15.12
15	2 санына бөлу және көбейту кестесі	1	23.12
16	3 санына бөлу және көбейту кестесі	1	13.01
17	4 санына бөлу және көбейту кестесі	1	20.01
18	5 санына бөлу және көбейту кестесі	1	27.01
19	Теңге. Монета және қағаз ақша	1	03.02
20	Баға. Сан.Күн	1	10.02
21	Жиындар және оларға амалдар қолдану	1	17.02
22	Теңдік және теңсіздіктер. Санды және әріпті өрнектер	1	24.02
23	1 санымен амалдар орындау	1	03.03
24	Көбейту және бөлуге берілген тендеулерді шешу	1	10.03
25	Тендеудің күрделірек түрі және оларды шешу	1	17.03
26	Бірнеше есе арттыруға және кемітуге есептер шығару	1	31.03
27	Еселік салыстыруға берілген есептерді шығару	1	07.04
28	Үшбұрыш, тіктөртбұрыш, шаршының периметрі	1	14.04
29	Фигуралар салу	1	21.04
30	Қозғалыс бағыты	1	28.04
31	Заттардың орналасуы	1	05.05
32	Геометриялық мазмұндағы есептер шығару	1	12.05
33	Көбейту кестесін есте сақтауға арналған ойындар	1	09.05
34	Логикалық есептер шығару	1	16.05